

13 дәріс. Шоқан Уәлиханов. Ғылым философиясы

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылы Қостанай облысы, Сарыкөл ауданында дүниеге келіп, 1865 жылы Алматы облысындағы Алтынемел тауы маңындағы Көшентоған деген елді-мекенде 30 жасында ауыр науқастан дүние салған. Профессор, шоқантанушы, «Шоқан жолдары» экспедициясының негізін салушы Раушан Иманжүсіп өзінің «Шокан и сакральная георграфия» еңбегінде Шоқан «1865 жылы қайтыс болмаған деген болжамның жаны бар дегенге келтіреді. Керісінше сол жылдары Қашқарға кеткен. Сол арқылы ғана Ресейдің құрығынан құтыла алатынын білген. Сонда жүріп қайтыс болған» – (Иманжүсіп Раушан. *Шокан и сакральная георафия. Нур-Султан, ИП «Булатов А.Ж.»*, 2021, – 101/54 стр) – деген тұжырым жасайды.

Шоқанның азан шақырып қойған аты – Мұхаммед Қанафия. Әжесі бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп айтуымен Шоқан аталып кеткен. Аз ғана өмір сүрсе де артына өшпес рухани мұра қалдырған. Тарихшы Әлкей Марғұланның айтуынша, оның әлі де жарық көрмеген шығармалары бар көрінеді. Шоқан Уәлиханов – ғалым, ориенталист, этнограф, фольклорист, географ, тарихшы, суретші және ойшыл. Ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысқан тұңғыш қазақ ғалымы десе де болады.

Арабша сауат ашып, 1847 жылы Омбыдағы Кадет корпусына түсіп, 1853 жылы аяқтайды. Осы уақыт аралығында Ресейдің демократ, білімді, жазушы, әскери тұлғаларымен қоян-қолтық достық қарым-қатынаста болып, үйлерінде бірнеше рет дастархандас болған.

«Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы», «Манас туралы жазбалары» деген еңбектер жазып қалдырды. Бұл еңбектер Орта Азия мен Қазақстан тарихынан мәлімет беретін алтын қор. Табиғат пен ел тұрмысын, әдебиетін Шоқан көркем, шебер суреттеген. Бұл еңбектерін орыс достары жоғары бағалап «Қазақ тақырыбына жазатын орыс жазушысы» – деп атаған. Тарих, география, әдебиет саласындағы еңбектері Петербург ғалымдарының назарына ілігіп, 20 жастан асқан Шоқан 1857 жылы 27 ақпанда орыс география қоғамының толық мүшесі етіп сайланады.

Орыстың археологы, шығыстанушы Николай Веселовский: «...Шоқан Уәлиханов шығыстану әлемінің үстінен құйрықты жұлдыздай жарқ ете қалды. Орыстың шығысты зерттеуші ғалымдарының бәрі де ерекше бір құбылыс деп танып, одан түрік халықтарының тағдыры туралы ұлы және маңызды жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті» – деп баға береді.

Кадет корпусында бірге оқыған досы, этнограф-ғалым Григорий Потанин (1835-1920): «Корпуста ой-өрісі, білімі жағынан Шоқан тез өсті, орыс жолдастарын басып озып отырды. Оған талайлар назар аударды. Ол сондай қабілетті еді, өзінен екі жас үлкендерден да білім, идея жағынан басып озды» – деген мінездеме жазған.

XIX ғасыр қазақ халқы үшін өте ауыр заманға айналды. Ресей империясының бодандығына өткен кезден бастап қазақ халқына қысым күшейе түсті. Содан бастап өзіндік болмысын сақтап қалу үшін халықтың сауаттылығы бірінші орынға шықты.

Шоқан, Ыбырай, Абай секілді білімді азаматтар қазақты жаңа өмірге баулып, оның сауатын ашуға, білімге, еңбекқорлыққа, белсенді өмір салтына, жасампаздыққа шақырды.

Шоқан Омбыға барып, Қазақстанда сот реформасын жүргізудің жобасы жасалып жатқанда, облыстық басқарманың заң комиссиясының жұмысына қатысады, сот реформасының елге тиімді, пайдалы болуын және ең бастысы жергілікті халықтың әдет-ғұрпын ескеру қажеттігіне мән береді.

Өзінің шығармаларында Патша Үкіметінің саяси реформаларына алаңдаушылық туғызып, қазақ мәдениеті мен өмір салтының бұзылуына іштей қынжылады. Керісінше, өз халқының сауатты, саяси білімді болуына қолдау көрсетеді.

Академик Әлкей Марғұланның ұйымдастыруымен 1984-1985 жылдары жарық көрген Шоқан Уәлиханов шығармаларының бес томдық жинағы және 2010 жылы «Мәдени мұра» Мемлекеттік Бағдарламасы аясында жарық көрген еңбектері бар.

«Шоқан Уәлихановтың рухани мұрасы туралы іргелі еңбектердің бірі тарихшы, археолог Әлкей Марғұлан басшылығымен Тарих, археология және этнография институтының 1968 жылы жарыққа шыққан V томдық еңбегін атап өтер едік. Онда ғалым ағамыз «Мұрағат құжаттары көрсеткендей, Шоқан қоғамдық қайраткер ретінде Царизм

саясатын терең түсінген адам, Потанин «жарты ғасыр Омбы әкімшілігі дала халқы туралы үш қайнар көзден алған ақыл, кеңестерді пайдаланған, олар: Сұлтан Шыңғыс, оның ұлы Шоқан және оның бауыры Мұса Шорманов» (Ч.Ч.Валиханов. *Собрание сочинений в пяти томах. Том. IV. Алма-Ата, 1968. – 777 стр*).

Сол кездегі ірі губерниялардың бірі Омбы Шыңғыс әулетінің ықпалында болғанын құжаттар дәлелдеп отыр. Шыңғыс пен Шоқанның ірі саяси қайраткер ретінде олардың ақыл кеңесіне мұқтаж екендігінде байқауға болады. Осы еңбектегі тағы бір қызықты, әрі шынайы құжаттардың ішінде Шоқан Уәлихановтың Орыс халқының зиялылары мен жоғары шенділерімен жазысқан хаттарын айтар едік. Сондай хаттардың бірінде Шоқан Герасим Колпаковскийге жазған хатында Құлжа, Ақсу, Ілі, Қашғар даласындағы ішкі жағдай, ондағы ұсақ көтерілістер туралы баяндап, хат жазады.

«Жасына қарамай, сол уақыттың өзінде жауапты қызметтер атқарып, саяси шешімдер қабылдауға қатысқандығын осындай хат алмасулардан көреміз. Оған бірден-бір себеп – қазақ халқының қанына сіңген тектілік деп айтар едік. Шоқанның шыққан жері Орта жүздің ханы Абылайдың тұқымы Уәли ханның баласы Шыңғыстың ұлы. Жас кезінен әулеттің тарихы мен әдет-ғұрыптарын қанына сіңдіріп өскен. Шоқанның өзі де жас болса да хандар мен Сұлтандардың шежіресін сызып, кім-кімнен тарайтындығын жазып кеткендігі тағы бар. Бұл жөнінде Григорий Потанин: «Уәлиханның екі қыстауы болған, бірі – Көкшетаудың шығыс жағындағы хан көлінде, екінші – Сырымбетте. Абылайдың бәйбішесі Сайманнан өрген ұрпақтар қазір де сонда тұрады. Айғанымның балалары Сырымбетте» – деген деректерді келтіреді (Шоқан Уәлиханов. *Көп томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Алматы: 2010. – 376 бет*) Шоқан Уәлихановпен достық қарым-қатынаста болып, Шыңғыс әулетін терең білетін Потаниннің зерттеулерінің маңызы зор және көбінесе соған сүйенеміз.

Шоқанның тұлға, ірі саяси қайраткер болып қалыптасуына Омбыдағы Кадет корпусына оқуға түсуін айтамыз. 1847 жылы Шыңғыс өз қолымен 12 жасар Шоқанды Омбы қаласына оқуға әкелуі, оның жылдам толысып ержетуіне әсер еткен. Сібір өңіріндегі ең мықты оқу орны болған Кадет корпусы әскери шенділерді даярлаудағы ең үздік

оқу орны болғаны белгілі. Алдыңғы қатарлы Орыс Патшаларының балалары оқып, оларға сол кездегі мықты ойшыл, демократ, шығыстанушы және жоғары лауазымды әскери адамдар дәріс берген. Осы Кадет корпусында Шоқаннан басқа 13 қазақтың балалары оқығандығы айтылады. Дегенмен, бүкіл қазақ жерінен осынша ғана бала оқуы төмен көрсеткіш. Кадет корпусында оқығанда бір пәтерде Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантаймен бірге тұрған деген деректер айтылуда.

Григорий Потанин Кадет корпусында Шоқанмен етене жақын дос болған. Осы оқу орнында жан-жақты білім алып, түрік, моңғол, араб, парсы тілдерін біліп шығады. Тағы бір деректерде Шоқанның орыс тілін мүлдем білмеген, бірақ кейіннен еркін сөйлеп, орыстың өзінен де жақсы сөйлегендігін айтады.

Шоқанның саяси көзқарастарының қалыптасуына орыс халқының озық ойлы ойшылдары, жер аударылған революционерлерінің ықпалы болғаны шындық. Бірақ, Шоқан өзінің туған халқының өмір салты, әдет-ғұрыптарын жетік білгендігін ұмытпауымыз керек. Әкесі Шыңғыспен хат алмасып тұрғанда үнемі халықтың әл-ауқатын сұрап жатқандығы көп дүниені аңғартса керек.

Ресей Патша үкіметінің Қазақ жеріне өз ықпалын жүргізу саясатын жүргізіп, саяси реформаларын жүргізудегі астыртын ойларын Шоқан жақсы түсінген. Сол үшін үнемі Қазақ халқының тарихына қатысты этнографиялық, тарихи, діни тұрғыдағы мақалаларын қағаз бетіне түсіріп отырған. Сурет салудағы қабілетін пайдаланып, дархан даланың көріністерін сызып отырғандығы көптеген деректерге қосымша нұсқаулық екендігі белгілі.

Ең алдымен, Ресейдің отаршылдық саясаты Қазақ халқының бірегейлігіне қалай әсер етті, өмір салты мен мәдени ассимиляцияға ұшырауына әкелді ме деген сұрақтарға жауап іздейтін боламыз. Ғалым Шоқан Уәлихановтың өмір сүрген уақыты XIX ғасырдағы әлеуметтік-саяси күрделі кезеңмен тұспа тұс келді. Ресей империясының ықпалы қазақ халқына қатты әсер етті. Соған қарамастан, Шоқан өзінің тарихи рөлін атқарып шықты. Ғалым, ағартушы, шығыстанушы, этнограф ретінде өз қолымен көп дүниені жазып кеткендігін атап өткен жөн. Шоқанның мұраты – қазақ халқына адал еңбек ету. Сол жолда қазақ

құндылықтарды, білімді, ғылымды алдыңғы қатарға қоя білді. Осындай сауат ашу арқылы ғана Ресей империясына қарсы тұра алатындығын сезген болу керек. Өзінің еңбектерінде мәдени құндылықтарды, өзінің болмысын сақтау, сот реформасы, діни көзқарастарына қатысты өз ұстанымдарын Ресей патша үкіметінің алдында көтерген болатын. Екі үлкен ел арасында дипломатиялық қызмет атқарып, қазақ халқының мүддесін қорғай білді.

«Шоқан Уәлиханов батыс мәдениетінен хабардар ағартушы ретінде қазақ мәдениетінің Ресейдің алдыңғы қатарлы құндылықтарын игерумен байланыстырады. Шоқанның көзқарасы бойынша, бұқара халықтың прогресі байқалған, сонымен қоймай, олар үлкен қадам жасап, ал кейбіреулері оларға қарсы шыққан. Сол уақытта білінер білінбес жаңалық пен ескілік арасында күшті соғыс: мұсылмандық, орыс пен шығысқа еліктеушілік болып жатқанын жазады» (Т.Ғабитов, Т.С.Мантаева. XIX ғасырдағы қазақ мәдениетіндегі Шоқан Уәлихановтың тұлғалық бейнесі. ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №2 (47). 2014). Бұл мақалада Шоқанның көшпелі халық пен отырықшы елдердің арасындағы көптеген айырмашылықты түсініп, Аттила, Шыңғысхан, Осман-Түріктерінің тарихынан хабары барын жазады. Отырықшы халықтарға қауіп-қатер төндіріп қана қойған жоқ, үлкен империя болғандығына назар аудартады.

«Өзінің науқасы меңдеп, бұл дүниеден өтерін сезген Шоқан көз жұмар алдында Сырымбетке, ата-анасына, бауырына хат жібереді. Онда: «Мені ауру жеңді, шаршадым, халім төмендеді, сүйген елім, сендерді барып көруге де дәрменім жоқ. Бұл – сендермен соңғы рет аман-саулық сұрасқан хатым. Өсіп-өнулеріңе тілек білдіремін...» – деген сөзін келтіреді белгілі шоқантанушы Жарылқап Бейсенбайұлы.

Шоқанның бұл қоштасу хатынан, өз еліне деген шексіз махаббатын сезінеміз. Өмірінің соңына дейін өз әулеті мен халқы алдындағы тарихи мұратын орындады. Аз ғана өмірінде көптеген дүниелерді, рухани жәдігерлер әлі де қазақ халқының тарихына қызмет ететіндігі анық.

«Шоқан қиын дәуірде өмір сүрді. Оның шығармашылығында бұл кезең өзінің көпқырлылығы және әр алуандылығымен,

трагедиялылығы және қарама-қайшылығымен көрініс тапты. Орта жүздің соңғы ханының немересі, Шоқан Уәлиханов өзінің халқы алдындағы борышын абыроймен атқарды. Оның балалық шағы қазақ даласында өтті, ал еуропалық білімді ол, Омбы кадет корпусында алды. Ол көп уақытын әлемді шарлаумен өткізді, барлық қазақ даласын, Қырғызстанды, Қашқарияны, Ресейдің ірі қаласы Петербургқа дейін аралап көріп, кейін өз отанына оралды. Отанында адам ретінде туып және қалыптасқан ол, оған қайтып келу үшін, тастап кетті. Бұл өмір алгоритмі, қазақ эпосының батырларының болмыс алгоритміне ұқсас (Иманбеков М.М., Маженова Р.Б., Конхашова Ұ.М. *Ш.Уәлиханов мұраларының тарихи-философиялық аспектілері. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. № 1(122)/2018*).

«Қазақтардың құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметінің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, дүйім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған» (Уәлиханов Ш. *Алтышаһарға сапар. Алматы: Атамұра, 2006.-304/57 бетте*).

Ғалым Шоқан Уәлихановтың тұлға болып қалыптасуындағы негізгі сыртқы күштер мен өз елінің мәдени, тарихи құндылықтардың арасында үнемі ішкі қайшылықтардың да болуы заңдылық. Соған қарамастан, үлкен алып империяға жұтылып кетпей, өзіндік болмысын сақтап қалған тарихи тұлғамыздың әлі де зерттелмеген қырларын зерттеуіміз қажет.